Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Қызметтерді сатып алу жөнінде шарт №_____

_____қ. «__»_____2026 ж.

"Қазақстан темір жолы" Ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы, бұдан әрі «Страхователь» деп аталатын, _____ негізінде қызмет ететін _____ _____ атынан, бір жағынан, және _____ бұдан әрі «Страховщик» деп аталатын, _____ негізінде қызмет ететін _____ _____ атынан, екінші жағынан, бірге «Тараптар» деп аталатын, және жеке жоғарыда аталғандай «Тарап» деп аталатын, «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесімен бекітілген (2022 жылғы «03» мамыр №193) ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама түрде тиесілі ұйымдардың сатып алу қызметін басқару тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және _____ _____ негізінде осы қызметтерді сатып алу жөнінде шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегідей келісімге келді.

Орындаушы осы Шартқа қол қоя отырып, мыналарды растайды: • заңнамаға сәйкес құрылған және жұмыс істейтін кәсіпкерлік субъектісі болып табылатынын; • осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулердің, тыйым салулардың жоқ екендігін; • осы Шартқа қол қояр алдында өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалағанын және сәйкестендіргенін (анықтағанын); • «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының корпоративтік сайтында орналастырылған «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы өнім берушісінің кодексінің (бұдан әрі – Өнім беруші кодексі) мазмұнын мұқият зерттегенін және түсінгенін, сондай-ақ Орындаушы Өнім беруші кодексіне толық сәйкестікте әрекет ететінін растайды.

1. Шарттың мәні

1.1. Шарттың мәні көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру болып табылады.

1.2. Осы Шарт бойынша Сақтанушының (Сақтандырылушының) үшінші тұлғаларға Сақтанушының (Сақтандырылушының) өзі зиян келтіруі нәтижесінде, не болмаса мынадай жағдайларда: 1. көлік құралын басқаруға құқығы бар тұлғаның оны Сақтанушының (Сақтандырылушының) қатысуымен басқаруы; 2. тұлғаның көлік құралын Сақтанушымен (Сақтандырылушымен) жазбаша нысанда ресімделген еңбек немесе өзге де шарт негізінде басқаруы; 3. келтірілген зиян үшін жауапкершілік Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) жүктелген жағдайда, көлік құралын оны құқыққа қарсы иеленіп кеткен тұлғаның басқаруы нәтижесінде туындаған азаматтық-құқықтық жауапкершілігі сақтандырылған деп есептеледі.

1.3. Пайдаланылатын көлік құралының әрбір бірлігіне Сақтандырушы сақтандыру полистерін ресімдейді және Сақтанушыға береді.

1.4. Осы Шарт бойынша пайдаланылуы кезінде Сақтанушының (Сақтандырылушының) жауапкершілігі сақтандырылған көлік құралдарының тізбесі мен олар туралы мәліметтер Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын №4 қосымшасында көрсетілген.

1.5. Осы Шарт осы Шартқа сәйкес жәбірленуші деп танылған барлық тұлғаларға, соның ішінде зиян келтіруге кінәлі болып табылатын Сақтанушының (Сақтандырылушының) көлік құралындағы тұлғаларға қатысты қолданылады, мыналарды қоспағанда: • Сақтанушымен (Сақтандырылушымен) қызметтік немесе еңбек міндеттерін атқару күшіне байланысты, соның ішінде көлік құралының иесімен жасалған еңбек немесе өзге де шарт негізінде, не мәміленің жазбаша нысанын ресімдемей-ақ оның ерік білдіруі негізінде Сақтанушының (Сақтандырылушының) қатысуымен осы көлік құралын басқаратын тұлғаны; • егер Сақтанушы (Сақтандырылушы) тасымалдаушы болып табылса және оған тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыруды регламенттейтін Қазақстан Республикасы заңнамалық актісінің талабы қолданылатын болса, жолаушыларды; • егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) жұмыс беруші ретінде қызметкердің еңбек (қызметтік) міндеттерін атқаруы кезінде оның өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін өз жауапкершілігін сақтандыру міндеті жүктелген болса, Сақтанушының (Сақтандырылушының) қызметкерлерін.

2. Терминдер мен анықтамалар

2.1. «Сақтандырушы» – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағында сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия алған, сақтандыру жағдайы туындаған кезде сақтанушыға немесе пайдасына шарт жасасылған өзге тұлғаға (пайда алушыға) шартта белгіленген сома (сақтандыру сомасы) шегінде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндетті заңды тұлға. «Сақтандырылушы» – өзіне қатысты сақтандыру жүзеге асырылатын тұлға, атап айтқанда, осы Шарт шеңберінде әрбір көлік құралына берілген, тиісті көлік құралын басқаруға құқығы бар, сақтандыру полистерінде көрсетілген тұлға. «Жолаушы» – тасымалдаушымен ауызша немесе жазбаша нысанда тасымалдау шартын жасасқан жеке тұлға. «Сақтанушы» – сақтандырушымен сақтандыру шартын жасасқан тұлға. Егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтанушы бір мезгілде сақтандырылушы болып табылады. «Көлік құралының иесі» – көлік құралына меншік құқығында, шаруашылық жүргізу құқығында немесе жедел басқару құқығында не кез келген өзге де заңды негізде (мүліктік жалдау шартында, құзыретті органның көлік құралын беру туралы өкіміне байланысты және т.б.) иелік ететін жеке немесе заңды тұлға. «Бағалаушы» (тәуелсіз сарапшы) – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – уәкілетті орган) өзі белгілеген тәртіпке сәйкес аккредиттеген, мүлікті бағалау (зияткерлік меншік объектілерін, материалдық емес активтердің құнын қоспағанда) бойынша бағалау қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар жеке немесе заңды тұлға. «Көлік құралы иесінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі» – Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген, көлік құралын қауіптілігі жоғары дереккөз ретінде пайдалану нәтижесінде үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянды өтеуге жеке және заңды тұлғалардың міндеті. «Сақтандыру жағдайы» – туындауымен осы Шарт сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін оқиға. «Сақтандыру сомасы» – сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыру жағдайы туындаған

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

кезде Сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы. «Сақтандыру сыйлықақысы» – Сақтандырушы осы Шартта белгіленген мөлшерде Сақтанушыға (Пайда алушыға) сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндеттемелерін қабылдағаны үшін Сақтанушы Сақтандырушыға төлеуге міндетті ақша сомасы. «Сақтандыру төлемі» – сақтандыру жағдайы туындаған кезде Сақтандырушы Сақтанушыға (Пайда алушыға) сақтандыру сомасы шегінде төлейтін ақша сомасы. «Пайда алушы» – 2003 жылғы 1 шілдедегі № 446-II «Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға. «Жәбірленуші» – көлік құралын пайдалану нәтижесінде өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне зиян келтірілген, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оны өтеу міндеті Сақтанушыға (сақтандырылушыға) көлік құралының иесі ретінде жүктелген тұлға. «АЕК» – Қазақстан Республикасының Заңымен белгіленген айлық есептік көрсеткіш. «Көлік оқиғасы» – көлік құралын пайдалану процесінде және оның қатысуымен, сондай-ақ көлік құралынан бөлініп қалған бөлшектердің және ондағы жүктің қозғалысы нәтижесінде туындаған, соның салдарынан үшінші тұлғаларға зиян келтірілген оқиға.

3. Сақтандыру жағдайы

3.1. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында көрсетілген көлік құралын Сақтандырылушының пайдалануы нәтижесінде жәбірленуші деп танылған тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянды өтеу бойынша Сақтандырылушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің туындау фактісі сақтандыру жағдайы деп танылады.

3.2. Сақтандыру жағдайының туындағанын, сондай-ақ оның салдарынан келтірілген зиянның мөлшерін дәлелдеу Сақтанушыға жүктеледі.

4. Шарттың орындалуын қамтамасыз ету

4.1. Сақтандырушы Тараптар Шартқа қол қойған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Сақтанушыға Тапсырыс берушінің банктік шотына енгізілген кепілдік ақшалай жарна түрінде Шарттың жалпы сомасынан 3 % (үш пайыз) мөлшерінде Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуге немесе қабылдау-тапсыру актісі бойынша Сақтандырушының Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісті түрде орындағанына дейінгі қолданылу мерзімімен, Шартқа №4 қосымшаға сәйкес ресімделген банктік кепілдікті ұсынуға міндетті.

4.2. Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасы айлық есептік көрсеткіштің 170 000 еселенген мөлшерінен астам болған және Сақтандырушы Шарттың орындалуын қамтамасыз ету түрі ретінде банктік кепілдікті таңдаған жағдайда, банктік кепілдік мынадай: 1. мынадай критерийлерге сәйкес келетін ҚР екінші деңгейдегі банкінен (бұдан әрі – ЕДБ) қабылданады: • банктік кепілдік берілген айдың бірінші күнінің алдындағы 3 (үш) ай ішінде ҚР Ұлттық Банкінің пруденциалдық нормативтерін орындау; • Standard&Poor's / Fitch бойынша «B-»-ден немесе Moody's Investors Service бойынша «B3»-тен төмен емес шетелдік валютадағы ұзақ мерзімді кредиттік рейтингінің не бас ұйым рейтингінің болуы. ЕДБ-де рейтинг болмаған жағдайда, осы ЕДБ акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы тікелей тиесілі ЕДБ акционерінің (қатысушысының) рейтингі, егер ол «BBB» деңгейінен төмен болмаса, есепке алынуы мүмкін; 2. шетелдік заңнамаға сәйкес банктік қызметті жүзеге асыратын және Standard&Poor's / Fitch бойынша «BBB»-ден немесе Moody's Investors Service бойынша «Baa2»-ден төмен емес шетелдік валютадағы ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі бар шетелдік банктен қабылданады. Бірден көп рейтинг болған жағдайда, есеп айырысуға олардың ең нашары қабылданады. Бұл ретте банк сатып алу туралы шарттың орындалуының бүкіл мерзімі ішінде осындай критерийлерге сәйкес келуге тиіс, әйтпесе Орындаушы осы тармақтың талаптарына сәйкес келетін басқа банктен кепілдік ұсынады.

4.3. Егер Сақтандырушы сатып алу туралы шарт жасасылған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде шарттың орындалуын қамтамасыз етуді ұсынбаса, онда Сақтанушы сатып алу туралы шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартады, әлеуетті өнім беруші/орындаушы енгізген өтінімді қамтамасыз етуді өзінде қалдырады (ұстап қалады) және тендерлік комиссия тендер қорытындысы бойынша екінші орын алған әлеуетті өнім берушіні/орындаушыны тендер жеңімпазы деп айқындайды. Сақтандырушының сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізудің үзілді-кесілді (соңғы) мерзімі өткенге дейін сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісті түрде орындаған жағдайлары қосымша ерекшелік болып табылады. Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізбеген Сақтандырушы туралы мәліметтерді Сақтанушы осындай өнім беруші туралы мәліметтерді Қордың сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің/орындаушыларының (өнім берушілерінің) Тізбесіне енгізу үшін белгіленген тәртіппен Сатып алу жөніндегі Қор Операторына жолдайды.

4.4. Егер Сақтандырушы Шарттың 3.2-тармағында көзделген ЕДБ-ге қойылатын критерийлер бұзылған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді 3.2-тармақтың талаптарына сәйкес ауыстырмаса, онда Сақтанушы сатып алу туралы шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартады.

4.5. Сақтандырушы шарттық міндеттемелердің орындалуын бұзған жағдайда, Сақтанушы сатып алу туралы шарттың орындалуын енгізілген қамтамасыз ету сомасынан Сақтандырушыға өзінің шарттық міндеттемелерін орындауды бұзғаны үшін есептелген тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) сомасын және осыған байланысты туындаған залал сомасын ұстап қалуға құқылы. Сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етудің қалған сомасы Орындаушыға ол шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қайтарылады. Сақтандырушы шарттық міндеттемелердің орындалуын бұзған жағдайда, мынадай шарттар жиынтығы сақталған кезде Сақтанушы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді ұстап қалмайды және Сақтандырушы Қордың сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) Тізбесіне енгізілмейді: 1. тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу (өндіріп алу/ұстап қалу); 2. өнім берушінің шарттық міндеттемелерді толық орындауы; 3. залалдың болмауы немесе оның орнын толық толтыру (өндіріп алу/ұстап қалу).

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

5. Шарт сомасы және Төлем шарттары

5.1. Осы Шарттың жалпы сомасы ҚҚС-сыз _____ теңгені құрайды және Шарт талаптарын тиісті түрде орындау үшін қажетті барлық шығыстарды қамтиды және Шартта және Тәртіпте көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертілуге жатпайды.

5.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шарттың № 1 қосымшасында көрсетілген.

5.3. Шарт бойынша төлем мынадай тәртіппен жүргізіледі:

5.4. Көрсетілген қызметтер үшін төлем, соның ішінде Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу тараптар Көрсетілген қызметтер актісіне (-теріне) (бұдан әрі – Көрсетілген қызметтер актісі) қол қойған және мынадай құжатты (құжаттарды) ұсынған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірілмейтін мерзімде жүргізіледі:

5.5. Электрондық құжат нысанындағы Шарт шеңберінде көрсетілген Қызметтердің бүкіл көлеміне елшілік (ішкі елдік) құндылықты есептеу (электрондық сатып алуды өткізуді қамтамасыз ететін «Самрук-Қазына» АҚ ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Веб-портал) көрсетілген Қызметтердің түпкілікті Актісімен бірге ұсынылады);

5.6. Көрсетілген қызметтер актісін (-терін) Орындаушы Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жолдайды. Веб-порталда көрсетілген Қызметтерді қабылдау-тапсыру актісін (-терін) электрондық түрде қалыптастыруға және оған қол қоюға жол беріледі. Заңнамаға сәйкес рәсімделген және қол қойылған Көрсетілген қызметтер актісін (-терін) Орындаушы Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жолдайды. Веб-порталда Қызметтерді қабылдау-тапсыру актісін (-терін) электрондық түрде қалыптастыруға және оған қол қоюға жол беріледі.

6. Тараптардың құқықтары мен міндеттемелері

6.1. Орындаушы міндеттенеді

6.1.1. Шарт талаптарына сәйкес қызмет көрсету;

6.1.2. Тапсырыс берушіге көрсетілетін Қызметтерге арналған құжаттарды Шартта көзделген мерзімдерде және шарттарда ұсыну, соның ішінде:

6.1.3. Шарт талаптарына сәйкес қызметтердің саны мен сапасы бойынша Тапсырыс беруші анықтаған кемшіліктерді жою.

6.1.4. Тендерлік өтінім құрамында мәлімделген білікті мамандармен қызмет көрсету.

6.1.5. Қызметтерді көрсету кезінде өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау саласындағы, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығы аясындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ аталған бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын сақтау.

6.1.6. Орындаушының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы талаптарды және Тапсырыс берушінің аталған бағыттар бойынша ішкі нормативтік құжаттарын сақтамауы нәтижесінде туындайтын ықтимал оқиғалар, авариялар, жазатайым оқиғалар, қоршаған ортаның ластануы, сондай-ақ халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығы аясындағы жағдайлар үшін Тапсырыс беруші мен мемлекеттік органдар алдында толық жауапты болу.

6.1.7. Тапсырыс берушінің объектісінде және (немесе) аумағында қызмет көрсету кезінде аварияларға, жазатайым оқиғаларға, қоршаған ортаның ластануына әкеп соғуы және (немесе) әкеп соқтыруы мүмкін барлық мән-жайлар туралы Тапсырыс берушіге дереу ескерту жасау.

6.1.8. Тапсырыс беруші және (немесе) уәкілетті органдар белгілеген мерзімдерде Тапсырыс беруші анықтаған кемшіліктерді немесе өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы және Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарындағы уәкілетті органдар анықтаған бұзушылықтарды өз есебінен жою.

6.1.9. Өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігінің, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғаудың, сондай-ақ халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығы аясындағы жай-күйді тексеру үшін Тапсырыс берушінің және (немесе) уәкілетті органдардың өкілдеріне Тапсырыс берушінің объектілерінде және (немесе) аумағында орналасқан Қызметтер көрсетілетін орындарға қолжетімділікті қамтамасыз ету.

6.1.10. Тапсырыс берушінің сұрау салуы бойынша барлық қосалқы мердігерлер және үлестестік туралы ақпаратты, сондай-ақ түпкілікті бенефициардың оффшорлық аймақтарда тіркелуіне тексеруді ұсыну;

6.1.11. 1. Сақтандырушыны (Сақтандырылушыны) көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарттарымен, соның ішінде осы Шарттан туындайтын тараптардың құқықтары мен міндеттерімен таныстыру және Сақтандырушының талабы бойынша оған қағидалардың көшірмесін ұсыну (жолдау); 2. осы Шарт жасасқаннан кейін көлік құралдарын тіркеу туралы куәліктердің көшірмелері ұсынылғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде Сақтандырушыға

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

(Сақтандырылушыға) сақтандыру полисін ресімдеу; 3. сақтандыру полистері ресімделгеннен кейін Сақтандырушыға сақтандыру полистерін қабылдау-тапсыру актісін, төлем шотын, салыстыру актісін ұсыну; 4. Заңның 20-бабының 1-тармағында көрсетілген тұлғаларға сақтандыру сыйлықақысын төлеу бойынша жеңілдік беру; 5. көлік оқиғасы туралы хабарлама алған кезде оны дереу тіркеу; 6. зардап шегушінің немесе Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес зардап шегушінің қайтыс болуына байланысты зиянды өтетуге құқығы бар тұлғаның жазбаша өтініші алынған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде, сақтандыру жағдайын растайтын құжат болған кезде, көлік оқиғасына кінәлі болып табылатын сақтандырушының көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасқаны туралы мәліметтерді (сақтандырушының тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), көлік құралының мемлекеттік тіркеу нөмірі, жасасқан нөмірі мен күні) жазбаша түрде ұсыну; 7. осы Шартта белгіленген мерзімде Сақтандырушының (Сақтандырылушының) не зардап шегушінің (Пайда алушының) немесе олардың өкілдерінің бағалау жүргізу туралы өтініші бойынша тәуелсіз сарапшыдан зақымдалған (жойылған) мүлікті бағалауды ұйымдастыру және бағалау туралы есепті Пайда алушыға танысу үшін ұсыну; 8. сақтандыру жағдайының басталған фактісін және Сақтандырушы өтеуге тиіс зиянның мөлшерін растайтын құжаттар жеткіліксіз болған кезде, олар алынған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бұл туралы өтініш берушіге жетіспейтін және (немесе) дұрыс ресімделмеген құжаттардың толық тізбесін көрсете отырып хабарлау; 9. сақтандыру жағдайы басталған кезде осы Шартта белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру төлемін жүзеге асыру; 10. Сақтандырушыға (Сақтандырылушыға) сақтандыру жағдайы кезінде шығындарды болдырмау немесе азайту мақсатында оның жұмсаған шығыстарын өтеу; 11. сақтандыру төлемін жүзеге асыру кезінде бір жұмыс күні ішінде Сақтандырушыға көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының қолданылуы тоқтатылғаны туралы хабарлау; 12. Сақтандырушыдан (зардап шегушіден, пайда алушыдан) өтініш алған кезде Сақтандырушының (зардап шегушінің, пайда алушының) талаптарын қарастыру және бес жұмыс күні ішінде дауды одан әрі реттеу тәртібін көрсете отырып, жазбаша жауап беру; 13. Сақтандырушыдан (зардап шегушіден, пайда алушыдан) сақтандыру омбудсманына жолданатын өтінішті алған кезде, бұл өтінішті, сондай-ақ оған қоса берілген құжаттарды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде сақтандыру омбудсманына қайта жолдау; 14. сақтандыру құпиясын қамтамасыз ету.

6.1.12. ақшалай талапты беруді (факторингті) қаржыландыру шарты (бұдан әрі – Факторинг шарты) бойынша осы Шарттан туындайтын Тапсырыс берушіге қойылатын өзінің ақшалай талабын қаржы агентіне бермеуге;

6.1.13. факторинг шартына қол қойылған және/немесе Тапсырыс берушіден тиісті сұрату алынған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде: - факторинг шартының нотариаттық куәландырылған көшірмесін ұсынуға;

6.1.13.1. - Мердігер тарапынан факторинг шартына қол қойған тұлғаның өкілеттіктерін растайтын құжаттарды ұсынуға.

6.2. Орындаушының құқығы бар:

6.2.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді талап ету.

6.2.2. Тапсырыс берушіден қызметтерді уақтылы қабылдауды және көрсетілген қызметтердің актілеріне қол қоюды талап ету;

6.2.3. Тапсырыс берушімен жазбаша келісім бойынша тендерлік өтінім құрамында мәлімделген мамандарды тең мәнділермен ауыстырылсын.

6.2.4. Қазақстан Республикасының заңнамасында, тәртіппен және (немесе) шартта көзделген негіздер бойынша шартты бұзу;

6.2.5. Тендер тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру кезінде Орындаушы тендерлік өтінім құрамында тендер кезеңінде көрсеткен қоса атқарушыларға бірлесіп орындауға Қызметтер көлемінің (құнының) жиынтығында 1/4-нен (төрттен бірінен) аспайтын бөлігін беруге міндетті.

6.2.6. Қызметтерді көрсету басталғанға дейін Тапсырыс берушіден өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен таныстыруды, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін Тапсырыс берушінің қауіпті өндірістік объектілері, жабдықтары және (немесе) аумақтары туралы ақпаратты талап ету.

6.2.7. 1. Шарт жасасу кезінде Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген мәліметтерден басқа, сақтанушыдан Заңға сәйкес Шартқа енгізу үшін қажетті мәліметтерді, соның ішінде көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандырудың алдыңғы шарттары, сақтандыру жағдайлары және сақтандыру төлемдері туралы ақпаратты ұсынуды талап ету; 2. тиісті мемлекеттік органдар мен ұйымдардан, олардың құзыретіне қарай, сақтандыру жағдайының туындау фактісін және жәбірленушілерге келтірілген зиянның мөлшерін растайтын құжаттарды сұрату; 3. көлік оқиғасының себептерін және өзге де мән-жайларын анықтау; 4. Заңның 28-бабында көзделген жағдайларда зиян келтіруге жауапты тұлғаға кері талап қою (регресс) құқығын білдіру; 5. Заңның 26-1-бабында көзделген тәртіппен Заңның 29-бабында көзделген негіздер бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырудан, сондай-ақ келтірілген зиянды өтеуден толық немесе ішінара бас тарту.

6.3. Тапсырыс беруші міндеттенеді:

6.3.1. Орындаушы көрсеткен қызметтерді шарт талаптарына сәйкес қабылдасын.

6.3.2. Шағымдар болмаған жағдайда көрсетілген қызметтер актісіне оны орындаушыдан алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қол қойылсын.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

6.3.3. Шарттың талаптарына сәйкес төлемді (лерді) жүзеге асыру.

6.3.4. Орындаушыдан жазбаша сұрау салуды алған күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Орындаушының өкілдерін Тапсырыс берушінің өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау саласындағы ішкі нормативтік құжаттарымен қол қойғыза отырып таныстыру, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін Тапсырыс берушінің қауіпті өндірістік объектілері, жабдықтары және (немесе) аумақтары туралы хабардар ету.

6.4. 1. Сақтандырушыға көлік құралдарына арналған техникалық паспорттардың көшірмелерін ұсыну; 2. осы Шартты жасасу/сақтандыру полисін ресімдеу кезінде Сақтандырушыға өзі туралы, сақтандыру полисіне енгізілген әрбір Сақтандырылушы туралы, көлік құралы (құралдары) туралы, қосарланған сақтандыру, көлік құралын маусымдық пайдалану, Қазақстан Республикасының аумағына уақытша келу және Заңда көзделген тәртіппен сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін азайту құқығы туралы мәліметтерді ұсыну; 3. сақтандыру сыйлықақыларын осы Шартта белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде төлеу; 4. көлік оқиғасы мен сақтандыру жағдайының туындағаны туралы өзіне мәлім болған кезден бастап дереу, бірақ 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей бұл туралы Сақтандырушыға қолжетімді тәсілмен (ауызша, жазбаша) хабарлау. Ауызша нысандағы хабарлама кейіннен (72 (жетпіс екі) сағат ішінде) жазбаша түрде расталуға тиіс. Сақтанушы мен Сақтандырылушы бір тұлға болып табылмайтын жағдайларда, сақтандыру жағдайының туындағаны туралы Сақтандырушыны хабардар ету міндеті Сақтандырылушыға жүктеледі. Егер Сақтанушының (Сақтандырылушының) дәлелді себептермен аталған әрекеттерді орындауға мүмкіндігі болмаса, ол мұны құжатпен растауға тиіс; 5. көлік оқиғасы орын алған кезде жәбірленушілерге және жол полициясы қызметкерлеріне олардың талап етуі бойынша Сақтандырушының атауы мен орналасқан жерін хабарлау; 6. көлік оқиғасы орын алған кезде қалыптасқан мән-жайлар бойынша ықтимал шығындарды болдырмау немесе азайту үшін ақылға қонымды әрі қолжетімді шараларды, соның ішінде мүлікті құтқару және зардап шеккен тұлғаларға көмек көрсету шараларын қабылдау; 7. тиісті органдар мен ұйымдарға олардың құзыретіне қарай (ішкі істер органдарының жол полициясы бөліністеріне, өртке қарсы қызмет органдарына, жедел медициналық жәрдем қызметіне, авариялық қызметтерге) көлік оқиғасы және зардап шеккен тұлғалар туралы хабарлау; 8. көлік оқиғасы орын алған кезде уәкілетті лауазымды тұлғаның жазбаша жолдамасын алған сәттен бастап дереу, бірақ екі сағаттан кешіктірмей Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес психобелсенді затты тұтыну фактісін және мас күйін анықтау үшін медициналық куәландырудан өту; 9. Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының туындағаны туралы хабарлаған күннен бастап дереу, бірақ 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей бұл туралы жәбірленушіні хабардар ету; 10. сақтандыру жағдайының туындауына жауапты тұлғаға кері талап қою (регресс) құқығының Сақтандырушыға өтуін қамтамасыз ету; 11. мүлікті сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде бұл өзгерістер сақтандыру тәуекелінің артуына айтарлықтай әсер етуі мүмкін болса, шарт жасасу кезінде Сақтандырушыға хабарланған мән-жайлардағы өзіне мәлім болған елеулі өзгерістер туралы Сақтандырушыға дереу хабарлау.

6.4.1. Сақтанушының осы тармақтың 4), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген міндеттері көлік оқиғасы кезінде көлік құралын тікелей басқарған адамға жүктеледі.

6.4.2. Орындаушы Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасының талаптарын және (немесе) Тапсырыс берушінің аталған бағыттар бойынша ішкі нормативтік құжаттарын сақтамаған және (немесе) Тапсырыс берушінің өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау саласындағы, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығы аясындағы бұзушылықтарды жою туралы талабын орындамаған жағдайда, Орындаушыдан есептелген айыппұлдар сомасын өндіріп алу.

6.5. Тапсырыс берушінің құқығы бар:

6.5.1. Орындаушыдан шартта көзделген тиісті сапа мен мөлшердегі қызметтерді алу.

6.5.2. Шарт құнының тиісті төмендеуімен шарт талаптарына сәйкес келмейтін қызметтердің кез келген бөлігінен бас тарту.

6.5.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша және тәртіппен Шартты бұзу және (немесе) Шартты орындаудан бас тарту. Тапсырыс беруші Орындаушыдан Қызметтердегі елшілік (ішкі елдік) құндылықтың болжамды есептемесін ұсынуды талап етуге құқылы емес.

6.5.4. Орындаушының қызметіне араласпай, кез келген уақытта Орындаушы көрсететін Қызметтердің барысын, сапасы мен толықтығын, соның ішінде өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығы аясындағы талаптардың сақталуын бақылауды жүзеге асыру, тексеру.

6.5.5. Тапсырыс беруші Мердігерден факторинг шартына қатысты тиісті ақпарат пен құжаттарды сұратуға құқылы

6.6. 1. Сақтандырушыдан сақтандыру талаптарын, осы Шарт бойынша өзінің құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап ету; 2. дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымнан сақтанушы өзі бойынша мәліметтерді дерекқорға енгізу міндетіне кіретін сақтандырушымен жасасқан көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты туралы мәліметтердің дерекқорда бар-жоғы туралы ақпаратты сұрату. Бұл құқық сақтандырылушыға да қолданылады; 3. жәбірленушінің денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянның мөлшерін бағалау үшін тәуелсіз сарапшының қызметтерін пайдалану; 4. тәуелсіз сарапшы жүргізген келтірілген зиян мөлшерін бағалау нәтижелерімен және Сақтандырушы жүзеге асырған сақтандыру төлемі мөлшерінің есептеулерімен танысу; 5. осы Шартты мерзімінен бұрын тоқтату; 6. осы Шарттан туындайтын мәселелерді реттеу үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, сақтандырушыға, не сақтандыру омбудсманына немесе сотқа жүгіну; 7. сақтандыру омбудсманына өтініш пен қоса берілген құжаттарды жолдау (тікелей сақтандыру омбудсманына, соның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не сақтандырушы, соның ішінде оның филиалы, өкілдігі арқылы); 8. осы Шартта көзделген жағдайларда

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

сақтандыру төлемін алу.

6.7. 1. Сақтандырушыға Сақтанушы (Сақтандырылушы) оған зиян келтірген көлік оқиғасы туралы хабарлау; 2. Сақтанушының (Сақтандырылушының) орнына сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды жинауды жүргізу және оларды Сақтандырушыға ұсыну; 3. мүлікке келтірілген зиянның мөлшерін бағалау үшін тәуелсіз сарапшының қызметтерін пайдалану; 4. кез келген медициналық мекеменің қызметтерін пайдалану; 5. сақтандырушы жүргізген келтірілген зиян мен сақтандыру төлемі мөлшерін айқындау нәтижелерімен танысу; 6. жәбірленушінің өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне зиян келтіруге кінәлі тұлғаның сақтандырушысына осы тұлғада көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының бар-жоғы туралы мәліметтерді (сақтанушының тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), көлік құралының мемлекеттік тіркеу нөмірі, берілген нөмірі мен күні) Заңның 17-бабының 5-1) тармақшасында көзделген тәртіппен растау туралы жазбаша жүгіну; 7. сақтандыру жағдайын растайтын құжат болған кезде, жәбірленушінің өміріне, денсаулығына AND (немесе) мүлкіне зиян келтіруге кінәлі тұлғада көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының бар немесе жоқ екендігі туралы мәліметтерді (сақтанушының тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), көлік құралының мемлекеттік тіркеу нөмірі, берілген нөмірі мен күні) ұсыну туралы дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымға жазбаша жүгіну; 8. осы Шартта белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру төлемін алу; 9. осы Шарттан туындайтын мәселелерді реттеу үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, сақтандырушыға не сақтандыру омбудсманына немесе сотқа жүгіну; 10. сақтандыру омбудсманына өтініш пен қоса берілген құжаттарды жолдау (тікелей сақтандыру омбудсманына, соның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не сақтандырушы, соның ішінде оның филиалы, өкілдігі арқылы); 11. көлік құралының иесіне келтірілген зиян сомасының алынған сақтандыру төлемі сомасынан асып кету мөлшерінде келтірілген зиянды өтеу туралы талап қою.

6.7.1. Осы тармақтың 1) тармақшасында көзделген жағдайларда жәбірленушінің осы бапта белгіленген құқықтары пайда алушы ретінде әрекет ететін өзге де тұлғаларға өтеді.

6.8. Өмірге, денсаулыққа зиян келтірілген жәбірленушілер болмаған кезде көлік оқиғасы басталған кездегі адамдардың іс-әрекеттері:

6.8.1. Көлік оқиғасы орын алған кезде өмірі мен денсаулығына зиян келтірілген жәбірленушілер болмаған жағдайда, оған қатысушылар мүмкіндігі болған кезде сақтандырушыларды орын алған көлік оқиғасы туралы хабардар етуге тиіс.

6.8.2. Сақтандырушылар өз өкілдерін көлік оқиғасы болған жерге жіберуге құқылы.

6.8.3. Көлік оқиғасына қатысушылар орын алған жағдайды бағалауда және мүлікке келтірілген зиянның мөлшерінде өзара келіскен кезде, егер оның болжамды мөлшері елу айлық есептік көрсеткіштен аспауға тиіс болса, оқиға схемасын өз бетінше жасауға және оған қол қойып, оны рәсімдеу үшін жақын жердегі ішкі істер органдарының постына немесе бөлінісіне келуге құқылы.

6.8.4. Көлік оқиғасы схемасын жасау тәртібі мен үлгілік нысандары уәкілетті органмен келісу бойынша Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің нормативтік құқықтық актісімен белгіленеді.

7. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттар

7.1. Сақтандырушыға сақтандыру төлемі туралы талапты Сақтанушы (Сақтандырылушы) немесе Пайда алушы болып табылатын өзге тұлға жазбаша нысанда, Пайда алушының тұрғылықты жерін, байланыс телефондарын, банктік реквизиттерін (қажет болған жағдайда), сақтандыру төлемін алу тәртібін – қолма-қол ақшамен не банктік шотқа аудару арқылы көрсете отырып және сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды қоса бере отырып қояды;

7.2. Сақтандырушының сақтандыру төлемі туралы шешім қабылдауы үшін Сақтанушы (Сақтандырылушы) немесе Пайда алушы сақтандыру төлемі туралы өтінішке қоса Сақтандырушыға мынадай құжаттарды ұсынады: 1. сақтандыру төлемі туралы өтініш; 2. жәбірленушінің өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне зиян келтіру салдарынан азаматтық-құқықтық жауапкершілігі туындаған тұлғаның сақтандыру полисі (оның телнұсқасы), ал ол болмаған жағдайда сақтандыру полисінің көшірмесі не көрсетілген сақтандыру полисі бойынша мәліметтердің бірі (сақтандырушының атауы, сақтандыру полисінің нөмірі, берілген күні) не сақтанушы туралы мәліметтер (сақтанушының тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), көлік құралының мемлекеттік тіркеу нөмірі); 3. сақтандыру жағдайының туындау фактісін және жәбірленушілерге келтірілген зиянның мөлшерін растайтын құжат; 4. жәбірленушінің өміріне, денсаулығына зиян келтіру фактісі болған жағдайда – денсаулық сақтау ұйымдарының жәбірленушінің уақытша еңбекке жарамсыздық мерзімі туралы анықтамасының көшірмесі не жәбірленушіге мүгедектік белгіленген жағдайда – мамандандырылған мекемелердің мүгедектікті белгілеу туралы анықтамасы; 5. жәбірленушінің қайтыс болуы туралы куәліктің нотариально куәландырылған көшірмесі; 6. Пайда алушының зиянды өтеуге құқығын растайтын құжат (көшірмесі); 7. Заңның 22-бабының 3-тармағында көзделген жағдайда зиянның мөлшерін айқындау туралы өтініш; 8. Пайда алушының жеке куәлігінің көшірмесі (жеке тұлға үшін) не заңды тұлғаның өкіліне берілген сенімхаттың түпнұсқасы; 9. сақтандыру жағдайы туындаған кезде шығындарды болдырмау немесе азайту мақсатында Сақтанушы (Сақтандырылушы) жұмсаған шығыстарды растайтын құжаттар – олар бар болса.

7.3. Сақтандырушының сақтанушыдан (Сақтандырылушыдан) немесе жәбірленушіден өзге қосымша құжаттарды талап етуіне жол берілмейді.

7.4. Құжаттарды қабылдаған Сақтандырушы өтініш беруші ұсынған құжаттардың толық тізбесін және олардың қабылданған күнін көрсете отырып, екі данада анықтама жасауға міндетті. Сақтанушы (сақтандырылушы, пайда алушы) сақтандыру төлемі туралы өтінішті

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

электрондық тәсілмен жіберген жағдайда, сақтандырушы оған осы анықтаманы электрондық нысанда ұсына алады. Өтініш беруші сақтандырушыға жеке өзі жүгінген кезде анықтаманың бір данасы өтініш берушіге беріледі, ал өтініш берушінің оны алғаны туралы белгісі бар екінші данасы сақтандырушыда қалады.

8. Сақтандыру сыйлықақысын төлеу тәртібі мен шарттары

8.1. Әрбір көлік құралы бойынша сақтандыру сыйлықақысы "көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 1 шілдедегі № 446-II Заңына сәйкес есептеледі.

8.2. Сақтандыру сыйлықақысын Сақтандырушы Тараптардың өкілдері электрондық сақтандыру полистерін қабылдау-тапсыру актісіне, Тараптар қол қойған есеп-фактураға (шот-фактураға), Көрсетілген қызметтер актісіне (актілеріне), ішкі елдік құндылық туралы есепке, өзара есеп айырысуларды салыстыру актісіне қол қойған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Сақтандырушының есеп айырысу шотына біржолғы төлеммен төлейді.

9. Сақтандыру төлемін жүзеге асырудың тәртібі мен шарттары

9.1. Сақтандыру төлемінің мөлшері және жәбірленушінің өміріне/денсаулығына келтірілген зиянның мөлшерін анықтау:

9.1.1. Бір сақтандыру жағдайы бойынша әрбір жәбірленушінің өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиян үшін сақтандыру төлемі (сақтандыру төлемі жүзеге асырылған күнге Қазақстан Республикасының заңнамалық актісіне сәйкес белгіленген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде) мынаны құрайды: 1) қаза тапқан жағдайда – 2000; 2) мүгедектік белгіленген жағдайда: I топ – 1600; II топ – 1200; III топ – 500; «мүгедек бала» — 1000; 3) мүгедектік белгіленбей, мертіккен, жарақаттанған немесе денсаулығына өзге де зақым келген жағдайда – амбулаториялық және (немесе) стационарлық емделуге жұмсалған нақты шығыстар мөлшерінде, бірақ 300-ден аспайды.

9.1.2. Жәбірленушінің қаза табуына немесе мүгедектігінің белгіленуіне әкеп соққан, оның өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін сақтандыру төлемі сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемі мөлшерінде жүзеге асырылады.

9.2. Жәбірленушінің мүлкіне келтірілген зиян үшін сақтандыру төлемінің мөлшері:

9.2.1. Бір сақтандыру жағдайы бойынша жәбірленушінің мүлкіне келтірілген зиян үшін сақтандыру төлемі (сақтандыру төлемі жүзеге асырылған күнге Қазақстан Республикасының заңнамалық актісіне сәйкес белгіленген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде) мынаны құрайды: 1) бір жәбірленушінің мүлкіне келтірілген зиян үшін – келтірілген зиян мөлшерінде, бірақ 600-ден аспайды; 2) бір уақытта екі және одан да көп жәбірленушінің мүлкіне келтірілген зиян үшін – келтірілген зиян мөлшерінде, бірақ әрбір жәбірленушіге 600-ден аспайды. Бұл ретте барлық жәбірленушілерге жасалатын сақтандыру төлемдерінің жалпы мөлшері 2000-нан аспауға тиіс. Зиян мөлшері Сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемінен асқан жағдайда, әрбір жәбірленушіге сақтандыру төлемі оның мүлкіне келтірілген зиян дәрежесіне барабар жүзеге асырылады.

9.3. Сақтандыру жағдайын және келтірілген зиянның мөлшерін анықтау:

9.3.1. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында көрсетілген көлік құралын сақтандырылушының пайдалануы нәтижесінде жәбірленуші деп танылған адамдардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянды өтеу бойынша сақтандырылушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің басталу фактісі сақтандыру жағдайы деп танылады.

9.3.2. Жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянның мөлшері Заңға сәйкес тиісті ұйымдар берген құжаттар негізінде анықталады.

9.3.3. Мүлікке келтірілген зиян мөлшерін бағалауды сақтандырушы уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен белгіленген нысан бойынша зиян мөлшерін анықтау туралы өтініш негізінде он жұмыс күні ішінде жүргізеді. Көлік құралына келтірілген зиян мөлшерін анықтауды сақтандырушы уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісіне сәйкес жүзеге асырады. Мүлкіне зиян келтірілген пайда алушы бұл мүлікті көлік оқиғасынан кейінгі күйінде өзі немесе сақтандырушы (сақтандырылушы) сақтандырушыға зиян мөлшерін анықтау туралы өтініш бергенге дейін сақтауға, сондай-ақ көрсетілген өтініш берілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде сақтандырушыға зақымдалған мүлікті тексеруді жүргізуге мүмкіндік беруге міндетті.

9.3.4. Сақтандырушы сақтандыру төлемін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісіне сәйкес анықталған зиян мөлшерінде жүзеге асырады.

9.3.5. Сақтандырушы пайда алушыға тиесілі сақтандыру төлемінен зиян мөлшерін анықтауға байланысты өзінің меншікті шығыстарын ұстап қалуға құқылы емес.

9.3.6. Сақтандыру жағдайын қасақана жасау, сондай-ақ сақтандыру төлемін заңсыз алуға бағытталған өзге де алаяқтық әрекеттер Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне сәйкес жауаптылыққа әкеп соғады.

9.4. Пайда алушы:

9.4.1. Жәбірленуші (ол қайтыс болған жағдайда – Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жәбірленушінің қайтыс болуына

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

байланысты зиянды өтеуге құқығы бар адам), сондай-ақ Сақтандырушының осы Шартында белгіленген жауапкершілік көлемінің шегінде жәбірленушіге (зиянды өтеуге құқығы бар адамға) келтірілген зиянды өтеген және сақтандыру төлемін алуға құқық алған Сақтанушы (Сақтандырылушы) немесе өзге адам пайда алушы болып табылады.

9.4.2. Мүлікке зиян келтірілген кезде осы мүліктің меншік иесі, ал ол қайтыс болған жағдайда – зиянды өтеуге құқығы бар адамдар жәбірленуші деп танылады.

9.4.3. Жәбірленушінің жазбаша түрде ресімделген өтініші немесе нотариаттық куәландырылған сенімхат бойынша сақтандыру төлемі оған денсаулығын және (немесе) мүлкін қалпына келтіру бойынша қызметтер көрсеткен (көрсететін) адамға тікелей жүзеге асырылуы мүмкін.

9.5. Сақтандыру төлемін жүзеге асырудың тәртібі:

9.5.1. Сақтандырушы сақтандыру төлемін осы Шартта көзделген, сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды алған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде жүргізеді. Сақтандыру төлемі теңгемен жүзеге асырылады.

9.5.2. Бірнеше жәбірленушінің мүлкіне зиян келтірілген жағдайда, Сақтандырушы барлық жәбірленушілердің құжаттарын алған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде, бірақ басқа Сақтандырылушылардың құжаттарды табыс етуіне қарамастан, Сақтандырушыға құжаттарды бірінші болып табыс еткен жәбірленушіден құжаттарды алған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей сақтандыру төлемін бастауға міндетті.

9.5.3. Егер сақтандыру жағдайының басталуына әкеп соққан оқиға нәтижесінде жәбірленушінің денсаулығы нашарласа (мүгедектік немесе неғұрлым жоғары мүгедектік тобы белгіленсе) не ол қайтыс болса, онда Сақтандырушы жәбірленушіден (Пайда алушыдан) түскен өтініш пен тиісті құжаттар негізінде осы Шартта белгіленген тәртіппен және мөлшерде сақтандыру төлемінің сомасын қайта есептеуді жүргізуге міндетті. Бұл ретте сақтандыру төлемінің сомасын қайта есептеу кезінде бұрын төленген сомалар есепке алынады.

9.5.4. Сақтандыру төлемі уақтылы жүзеге асырылмаған жағдайда, сақтандырушы Пайда алушыға Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 353-бабында белгіленген тәртіппен және мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.

9.5.5. Жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына зиян келтіру фактісі болмаған кезде, сақтандырушы ішкі істер органдары берген оқиға схемасы бар жол жүрісі қағидаларын бұзу туралы хаттама негізінде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға құқылы.

9.6. Тікелей реттеу:

9.6.1. Сақтандыру жағдайы басталған кезде жәбірленуші немесе Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жәбірленушінің қайтыс болуына байланысты зиянды өтеуге құқығы бар адам келтірілген зиянды өтеуді алу үшін, кінәсінен сақтандыру жағдайы орын алған адамда көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты болған жағдайда, көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша жәбірленушінің жауапкершілігін сақтандырған сақтандырушыға жүгінуге құқылы. Зиян келтірілген мүліктің меншік иесі болып табылмайтын жәбірленуші Заңда көзделген тәртіппен кінәсінен сақтандыру жағдайы орын алған адамның сақтандырушысына жүгінеді.

9.6.2. Келтірілген зиянды өтеуді сақтандырушы осы Шарттың 6.2-тармағының 2), 3), 4), 5), 6) және 8) тармақшаларында көзделген құжаттарды алған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде жүргізеді. Сақтандырушының тікелей реттеу шеңберінде жүзеге асыратын, жәбірленушінің өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянды өтеуі ол үшін жәбірленушімен жасалған көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша міндеттемелерді орындау және сақтандыру төлемі болып табылмайды.

9.6.3. Кінәсінен сақтандыру жағдайы орын алған адамның сақтандыру компаниясы сақтандыру жағдайын реттеген сақтандырушыға нақты төленген соманы өтейді.

10. Зиян келтірген тұлғаға кері талап қою құқығы

10.1. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған сақтандырушы мынадай жағдайларда төленген сома шегінде Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) кері талап қоюға құқылы: 1. Сақтанушының (Сақтандырылушының) азаматтық-құқықтық жауапкершілігі оның сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған немесе оның туындауына септігін тигізген, қажетті қорғаныс және аса қажеттілік жағдайында жасалған әрекеттерді қоспағанда, қасақана әрекеттері салдарынан туындаса; 2. Сақтанушының (Сақтандырылушының) азаматтық-құқықтық жауапкершілігі оның көлік құралын алкогольдік, есірткілік немесе токсикоманиялық масаңдық күйде басқаруы салдарынан туындаса; 3. көлік оқиғасы орын алған сәтте көлік құралын басқарған тұлғаның оны басқару құқығы болмаса; 4. сот талқылауы барысында сақтандыру жағдайы көлік құралының Сақтанушы (Сақтандырылушы) білген немесе білуі тиіс болған техникалық ақаулары салдарынан орын алғаны анықталса; 5. көлік құралы өзінің техникалық мақсатына тән емес мақсаттарда пайдаланылса; 6. Сақтанушы (Сақтандырылушы) сақтандыру жағдайынан келетін шығындарды азайту бойынша қасақана шаралар қолданбаса; 7. көлік құралын басқарған тұлға көлік оқиғасы болған жерден кетіп қалса; 8. көлік құралын басқарған және психоактивті затты тұтыну және масаңдық күйін анықтау үшін куәландыруға жіберілген тұлға дәлелді себептерсіз мұндай куәландырудан өтпесе.

10.2. Егер осы тармақтың 8.1-тармақшасында аталған жағдайларда зиян келтіруге кінәлі тұлға көлік құралын оның иесімен еңбек қатынастарына байланысты немесе оның иесінің қатысуымен мәміленің жазбаша нысанын рәсімдеусіз пайдаланған тұлға болса, онда

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Сақтандырушы осы көлік құралының иесіне кері талап қоюға құқылы.

10.3. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған сақтандырушыға, ол төлеген сома шегінде, Сақтанушының (Сақтандырылушының) сақтандыру нәтижесінде сақтандырушы өтеген шығындар үшін жауапты тұлғаға кері талап қою құқығы ауысады. Бұл ретте, егер сақтандыру жағдайы автомобиль жолдары мен олардағы құрылыстарға қанағаттанарлықсыз қызмет көрсетуден туындаған жол жағдайларының себебінен орын алғаны анықталса, сақтандыру төлемін жүзеге асырған сақтандырушыға көлік құралы иесінің осындай жағдайларды туғызуға кінәлі тұлғаға талап қою құқығы ауысады.

11. Сақтандыру төлемінен бас тарту

11.1. Сақтандырушы мынадай жағдайларда сақтандыру төлемінен толық немесе ішінара бас тартуға құқылы, егер сақтандыру жағдайы: 1. Пайда алушының сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған немесе оның туындауына септігін тигізген, қажетті қорғаныс және аса қажеттілік жағдайында жасалған әрекеттерді қоспағанда, қасақана әрекеттері салдарынан туындаса; 2. Пайда алушының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себепті байланыста болатын қасақана қылмыстық не әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған әрекеттері салдарынан туындаса.

11.2. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуына мыналар да негіз бола алады: 1. Пайда алушының шығынды өтеуге кінәлі тұлғадан шығынның тиісті өтемін алуы; 2. Сақтанушының (Сақтандырылушының) көлік құралын жарыстарда, сынақтарда немесе бұл үшін арнайы арналған орындарда жүргізуді үйрету кезінде пайдалануы; 3. көлік құралына жүк тиеу немесе одан жүк түсіру кезінде зиян келтірілуі; 4. жәбірленушінің ақша, бағалы қағаздар, алтын, күміс бұйымдар, қымбат бағалы заттар, әшекейлер, өнер туындылары немесе басқа да құндылықтар түріндегі мүлкіне зиян келтірілуі; 5. жәбірленушінің осы шарттың 3.4-тармағының 3) тармақшасындағы талаптарды бұзуы.

11.3. Сақтандырушы мынадай жағдайларда сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады, егер сақтандыру жағдайы: 1. ядролық жарылыстың, радиацияның немесе радиоактивті зарарланудың әсері; 2. әскери іс-қимылдар; 3. азаматтық соғыс, әр түрлі халық толқулары, жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдер салдарынан туындаса.

11.4. Жәбірленушінің моральдық зияны, өткізіп алған пайдасы, соның ішінде мүліктің тауарлық құнын жоғалтуы, сондай-ақ жәбірленушінің тауарларды жеткізу немесе жұмыстарды орындау (қызметтерді көрсету) мерзімдерін, келісімшарттар (шарттар) бойынша өзге де міндеттемелерін бұзуына байланысты тұрақсыздық айыбын өтеу өтелмейді.

11.5. Сақтандыру полисінде көрсетілген зақымдалған көлік құралы үшін сақтандыру төлемі жүзеге асырылмайды.

11.6. Сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту үшін негіздер болған кезде Сақтандырушы өтінішті және осы Шарттың 5.1-тармағында көзделген барлық құжаттарды алған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде өтініш берушіге сақтандыру төлемінен толық немесе ішінара бас тарту туралы тиісті шешімді бас тарту себептерінің дәлелді негіздемесімен жазбаша нысанда жіберуге міндетті.

12. Тараптардың жауапкершілігі

12.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

12.2. Орындаушының жауапкершілігі

12.2.1. Шарт талаптарына сәйкес көрсетілетін қызметтердегі ішкі елдік құндылық есептемесі ұсынылмаған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге мерзімін өткізіп алған әрбір күн үшін Шарт сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарт сомасының 10%-ынан аспайтын өсімдіп төлейді.

